

БЕЙІМБЕТ - АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Жуырда Ташкент қаласында жастар арасында самбо күресінен Азия чемпионаты өтті. 17 мемлекеттен жауырыны жер иіскемеген палуандар қатысқан бұл чемпионатта жерлесіміз, әлем чемпионы Бейімбет Қанжанов 48 келі салмақта белдесіп, Азия чемпионы атанды.

Бейімбет 2009 жылы Болгария елінің астанасы София қаласында самбо күресінен жастар арасында өткен әлем біріншілігінде әлем чемпионы атанған болатын. Өзбекстанның астанасында ту көтерген байрақты бәсекеден жеңіспен оралған жас палуанды аудан әкімінің орынбасары Б.Төлеуқұлов бастаған арнайы топ қарсы алып, аймақдай ұландарына құрмет көрсетті. Б.Қанжановты дүбірлі додаға баптап қосып, жарысқа апарған халықаралық дәрежедегі төреші, спорт саңлағы С.Жанасылов.



Ауданымыздың атын әлемге танытып жүрген палуанға жерлестеріңді жеңіспен қуанта бер демекпіз.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Шет шұғыласы.- 2011.- 9 маусым (№23).- 2 б.